



# Республикалық жастар газеті

# Ақмешіт

# ЖАСТАРЫ

...Мен жастарға сенемін!

Мағжан



Газет 2013 жылдың қыркүйек айынан бастап шығады

№31 (568)  
1 тамыз,  
2024 жыл



## ҚЫЗЫЛОРДА: ИНФРАҚҰРЫЛЫМ ИГІЛІГІ — ХАЛЫҚҚА

Қызылорда қаласының даму деңгейі жылдан жылға жақсарып, құрылыс саласы қарқын алғанын кез келген тұрғын байқай алады. Шаһардан шығармашылық еңбек пен инфрақұрылымдағы дамуды да аңғара аласыз.

Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз конференциясында Қызылорда қаласының әкімі Серік Қожаниязов қалада жүргізіліп жатқан жұмыстарға кеңінен тоқталды. Жыл басында қала бюджеті 58,2 млрд теңгемен бекітілген. Президенттің, Үкіметтің қолдауы және облыс әкімінің үйлестіруімен бүгінде оның көлемі 107,1 млрд теңгеге жеткен.

Шаһардың әлеуметтік-экономикалық дамуы қала кірісінің өсуіне оң әсерін беруде.

Қазір салық базасын ұлғайту мақсатында бірнеше бағыт бойынша атқарылған жұмыстардың нәтижесінде қала бюджетінің өз кірісі өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 17,7%-ға ұлғайған. Бүгінде түсім 30 млрд теңгені құраса, жыл аяғына дейін 40 млрд теңгеге жеткізу көзделген.

Қалада құрылыс қарқын алып, баспана мәселесі шешімін тауып келеді. Қазіргі уақытта 3911 пәтерлі 74 көпқабатты тұрғын үйдің құрылысы жүргізілуде. Оның 58 тұрғын үйі бюджет есебінен, ал 16 тұрғын үйі жеке инвестициялар есебінен салынды.

5

## МӘМС: ҚҰБЫЛҒАН ҚАРЖЫ АҒЫНЫ

Сақтансаң да сақтамайтын қалге жеттік пе? Ем алу үшін ел аралап кететін отандастарымыз көп. Ал осы тұста «МӘМС-тен мән кетті ме?» деген ой туады. Халық ең алдымен сақтандыру аясында қажет көмекті уақытында ала алмайтынына алаңдаулы.

Сөз басында сандарды сөйлетейік, биыл МӘМС үшін төлем сомасы жұмыс берушілердің аударымдары қызметкерлер жалақысының 3%-ын құрады. «Аударымдардың ең жоғары сомасы 25500 теңгеден аспайды» дейді. Азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттар бойынша табыс алатын қызметкерлер мен жеке тұлғалардың жарналары 2024 жылы олардың табысының

2%-ын құрайды.

Егер жалақы мөлшері 10 ЕТЖ жоғары болса, онда тек осы сомаға ғана салық салынады және жарнаның ең жоғары сомасы 17000 теңге болмақ. Жеке кәсіпкерлер мен жеке практикамен айналысатындардың жарналары 5950 теңгені немесе 1,4 ЕТЖ-нің 5%-ын алады. Дербес төлеушілер үшін жарна сомасы 4250 теңге. Байқасаңыз төлем төлеудің түрі көп. Әйтеуір салықты қалай дегенмен де қазынаға құясыз. «Бірақ қайыры қаншалықты қайтып жатыр?» деген сұрақ көптің көкейінен кетер емес.

4

## АЭС САЛУ: ҚАУІП ПЕН ҮМІТТІҢ ҚИЫЛЫСЫ

Еліміздің шығысында орналасқан Семей ядролық полигоны Кеңес одағының ядролық қару сынақ алаңы ретінде тарихта ерекше орын алды. 1949 жылы жұмысын бастаған полигон 1991 жылға дейін кем дегенде 468 сынақ өткізген. Нәтижесінде табиғат пен халықтың тұрмыс-тіршілігіне айтарлықтай залалын тигізді. Радиоактивті ластану, қатерлі ісік, жүрек-қан тамырларының аурулары, генетикалық бұзылулар – сынақтардың қасіретті салдары.

Полигон жабылғаннан кейін халықтың қорқынышы, болашаққа деген үрейі жылдар өтсе де сейілмеді. Ауыр тарих пен өткеннің салдары бізді әліге дейін алаңдататыны АЭС салу идеясы айтылған кезде анық білінді.

Иә, қазір Қазақстанда атом электр станцияларын салу жоспары талқылануда. Бірі полигонның қайғылы оқиғасынан сабақ

алып, ядролық технологияларды қолданудан мүлде бас тартуды айтса, бірі ел болашағы үшін маңызды қадам дейді. Бұл ретте сынақ алаңы мен станцияның айырмашылығын, мақсат-міндетін айқындап алған жөн секілді.

3-бетте



Сұлу саз бен сүбелі сөз бірін-бірі тапқанда ғана ғасырлар бойы сырқалатын ғаламат хәм ғажайып ән дүниеге келеді. Мұндай туындылардың кереметі – тыңдаған жанды тылсымына бөлеп, көңіл кірін аршып алатын күдіретке ие. Күйкі тірліктің күйбеңі қажытып, кеудеміздегі жудырықтай жұмыр етті тіршіліктің тоты басқанда әлдебір әуезді әнге аңсарып ауады. Тәңнің дертіне қай кезде де шипа табылады. Ал жанның дертіне табыла ма?

## ТАНЫМАЛ ТУЫНДЫЛАРДЫҢ ТАРИХЫН БІЛЕСІЗ БЕ?


Музыканың адам жанын емдей алатын қасиеті барын зерттеушілер дәлелдеді. Бірақ әлдебір тыңдарманға шипа болған ән әлдекімнің жан дертінен туындауы әбден мүмкін ғой. Себебі жүректерден орын алған әрбір туындының артында шертілмеген сыр, айтылмаған тарих жатыр.

7-бетте



Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен қолға алынған «Таза Қазақстан» науқаны 2024 жылдың сәуір айынан бері жалғасуда. Мемлекет басшысы бұл акцияны өткізудің маңыздылығын Қазақстан халқы Ассамблеясының «Бірлік. Жасампаздық. Өрлеу» атты XXXIII сессиясында атап өтті. Себебі қоршаған ортаның жай-күйі ортақ жауапкершілікті қажет етеді.

## «ТАЗА ҚАЗАҚСТАН»: ТАЗАЛЫҚ ҺӘМ ТӘРТІПТІҢ ҮЛГІСІ



– Шын мәнінде, елімізді көгалдандыру, абаттандыру – үлкен мемлекеттік маңызы бар іс. Бұл бүгін шығып, ертең ұмытып кететін бір реттік науқан емес. Аталған жұмыс

тұрақты түрде жүргізіледі. Туған жерімізді таза ұстауымыз керек. Бұл – жалпұлттық мәселе, – деді Мемлекет басшысы.

2-бетте

# «ТАЗА ҚАЗАҚСТАН»: ТАЗАЛЫҚ ҺӘМ ТӘРТІПТІҢ ҮЛГІСІ

Басы 1-бетте



## Сын көтермейтін сандар

Статистикалық мәліметтерге сүйенсек, EPI 2024 қорытындысы бойынша Қазақстан экологиясы 180 ел арасында 47,5 баллмен 74-орынға ие болды. Қазақстан ластану деңгейі бойынша 111-ден 30-шы орында, «жасыл» өмір сапасы бойынша 78-ден 72-ші орын, ауаның ластануы бойынша ТОП-50 ел қатарында (131 елдің 40-шы орында), климаттың өзгеруі бойынша тиімділік рейтингінде соңғы орын (64), экологиялық тиімділік бойынша 180 орынның 93-шісіне жайғасқан. Өкінішті, алайда ауаның ластануына байланысты жыл сайын ел аумағында 6-9 мың адамның мезгілсіз өлімі тіркеліп отырады.

3 мың полигонда 125 млн тонна қалдық жиналса, жыл сайын 5 млн тонна қатты тұрмыстық қалдық жинақталады. 2022 жылы 4,3 миллион тонна қоқыс жиналды, десек те оның тек 25,4%-ы қайта өңделген. Қазақстан қалдықтарды қайта өңдеу бойынша 179 елдің ішінде 175-орында тұр. Полигондардың тек 20% -ы ғана нормаларға сәйкес.

2022 жылы қоршаған ортаны қорғауға 444 млрд теңге бөлінді. 8 млрд теңге энергия үнемдейтін технологиялар мен ЖЭК-ке, 113 млрд теңге ағынды суларды тазартуға, 3 млрд теңге ғылыми зерттеулерге, ал 107 млрд-ы қалдық проблемасын шешуге жұмсалды.

## Жанданған жаңа бастама

Бүгінде басты мәселелердің бірі – ауаның ластануы. Бұған түрткі болатын маңызды факторлар – коқыстардың жиналуы, каналдардың толып қалуы, көлік құралдарының шамадан тыс көп болуы. Бұл – тек біз байқайтын дүниелер. Айналаға салғырттық танытатын жандар аз емес, десек те Мемлекет басшысы айтқандай бұл ортақ абырой. «Таза Қазақстан» жалпыұлттық бастамасы аясында көп өңір тазартылып, ел тұрғындары арасында экологиялық мәдениет қалыптасып келеді.

Еліміздің түкпір-түкпірінде жүзеге асып жатқан бұл науқанның ешкім тыс қалып жатқан жоқ. Экологиялық акцияның тиімді идеологиялық бірлестігін қалыптастыру мақсатында мынадай тақырыптық бағыттар ұйымдастырылды: «Таза өлке», «Киелі мекен», «Жасыл аймақ», «Өнегелі ұрпақ» және «Молдір бұлақ». Мындаған қазақстандық өз өлкесіндегі тазалық эстафеталарына қатысып, экологиялық жағдайды тұрақтандыруға талпыныс жасады. Өткен айда «AMANAT» партиясы «Таза Қазақстан» науқаны аясында «Таза бейсенбі» экологиялық эстафетасын бастады. Сондай-ақ «Жастар рухы» Жастар қанаты науқан аясында «Таза Қазақстан» Road-эстафетасын ұйымдастырды. Мындаған волонтер Астана-Алматы тас жолы бойынша тазалау жұмыстарынан бастап, бұл эстафета Қарағанды-Балқаш, Жамбыл облыстарында жалғасын тапты.

«AMANAT» партиясының ат-



қарушы хатшысы Дәулет Кәрібек осыған дейін экологиялық мәдениет пен азаматтардың қоршаған ортаға деген саналы көзқарасы дұрыс қалыптаспай тұрғанын, оны шешудің маңызды екенін айтқан болатын. Ал осы жаңа жоба аясында олқылықтың орны толады деп үміттенетінін жеткізді.

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Таза Қазақстан» жалпыұлттық науқанын бастай отырып, бұл бір реттік акция емес екенін ерекше атап өтті. Әрбір үй, аула, тұрғын үй кешені, саябақ және басқа да нысандар назардан тыс қалмауға тиіс. «AMANAT» партиясының мүшелері аталған науқанға алғашқы күннен-ақ белсенді қатысуда. «Жастар Рухы» жастар қанатының шамамен 4 мыңға жуық волонтері су тасқынынан зардап шеккен жандардың баспанасын ретке келтіруге көмектесті. Енді әр апта сайын ел аумағында түрлі учаскелерде қоқыс жинау жұмысын ұйымдастырамыз. Осы мақсатта ластанған аумақтардың Қартасы әзірленді. Ел азаматтары, ескеден ұрпақ табиғи өнім тұтынып, таза ауамен демалып, сапалы су ішкенін қаласақ, экологиялық сана мен мәдениетті қазірден қалыптастыруымыз керек. Оны ең алдымен өзімізден бастаған жөн. Сондықтан қоршаған ортаға бей-жай қарамайтын барша қазақстандықты «Таза бейсенбі» акциясына қосылуға шақырамыз, – деді ол.

## 900 мың тоннадан астам қоқыс жиналды

Акцияға 2,4 миллионнан астам адам қатысты. Оның ішінде еріктілер, қоғам қайраткерлері, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері мен кәсіпкерлер бар. Жүздеген мың аула мен аумақ тазартылды, 900 мың тоннадан астам қоқыс жиналды. 2,5 миллионға жуық жасыл желек отырғызылды. 20 мыңнан астам әлеуметтік нысанның аумағын тазарту, қоғамдық орындардың 4,6 мыңнан астам нысанын, саябақтарды, скверлерді абаттандыру бойынша жұмыстар жүргізілді. 300 мың шаршы метрден астам жабын материалы (плиткалар, төсеніштер және т.б.) жөнделіп, ауыстырылды. 5 мыңнан астам тарихи-мәдени мұра объектілері (ескерткіштер, мәдени құрылыстар) және 758 субұрпаққа түзету жұмыстары жүргізілді. 40 мыңнан астам техника жабдыктары қамтылған науқан барысында 5,8 миллион шаршы метрден астам өзен, көл және басқа да су айдындарына, сондай-ақ 8,4 миллион метрден астам арық желісіне тазалау жұмыстары жүргізілді.

Бұл жоба Қызылордада қарқынды

атқарылуда. Мемлекеттік мекемелердің қызметкерлері мен жалпы қызылордалықтар бұл акциядан тыс қалмай, аймақтың абаттануына үлес қосуда. Қызылорда облысындағы «AMANAT» партиясының филиал мүшелері қала тұрғындарына үгіт-насихат жұмыстарын жүргізіп, елді көркейтуге шақыру жұмыстарымен айналысуда.

Акцияның жұмысын оңтайлы ету мақсатында «Таза Қазақстан» арнайы онлайн платформасы іске қосылды. Әр салаға бөлінген қосымшада бекітілген операторлар, модераторлар мен орындаушылар тұрғындардан түскен өтініш негізінде дер кезінде шара қабылдап, халыққа қызмет көрсетуде.

Облыста науқанды ұйымдастыру үшін арнайы іс-шаралар жоспары құрылған. Бүгінде өңір аумағынан 13 мыңнан астам тонна қоқыс қалдықтары шығарылып, түрлі аудан-аймақтар тазарту, ретке келтіру жұмыстарынан өтті. Мәселен, тарихи-мәдени ескерткіштер, әлеуметтік, өнеркәсіп және бизнес нысандары, аулалар мен көше бойлары, су айдындары, скверлер мен парктар, субұрпақтар мен арықтар тазаланды. Мұның бәрін атқаруға 500-ден астам техника жұмылдырылып, көркейтуді қолдау үшін өңір климатын жерсінетін ағаштар отырғызылды.

## Пікірлер легі сан алуан

Десек те таяқтың екі ұшы секілді, бұл жағдайда да екіжақты пікір туындап отыр. Науқан жалпы қолдау тапқанымен, оған түрлі пікір білдіргендер де бар. Атап өткеніміздей, жобаға қоғам белсенділері мен еріктілерден бөлек мемлекеттік қызметкерлер де қатысып жатыр. Занды демалыс күні де акцияға қатысуға мәжбүр кейбір адамдар арыз-шағымын білдіріп, күннің ыстық мерзімінде бұл науқанның қолайсыздығын алға тартып әлек. Оның үстіне үйлердің алдына жүргізілген тазалық жұмыстарына қаланың кейбір тұрғындары наразылығын білдіріп, шағымдануда. «Таза-лық сақтағандары дұрыс, бірақ әркім өз үйінің аумағындағы қоқысты тазаласын. Нәтиже болмаса, айыппұл төлесін. Бұл ортақ міндет, тек қана мемлекеттік қызметкерлердің мойнындағы жүк емес» деп пікір бөліскен екен әлеуметтік желі қолданушылары.

Не десек те, басталған науқан ел игілігі үшін. Жоғарыда атап өткен сандар неміқұрайлылықты көтермейді. Қазақстанның дамушы елдер қатарынан қалып қалып, нашар орынға тұрақтағаны алаңдатарлық жайт. Бұл мемлекетті де, халықты да бірдей алаңдатуы тиіс.

Қорлан САРЫ

## ЖАСТАР ЖАҢАЛЫҚТАРЫ



### «ЖАСТАРҒА ЖҰМЫС» ЖӘРМЕҢКЕСІ

«Жастарға жұмыс» жобасы аясында «AMANAT» партиясы «Жастар Рухы» ЖҚ облыстық филиалы, «Qosy!» қалалық жастар орталығы, Еңбек мобильдігі орталығы және «Мансап» орталығының ұйымдастыруымен ЖОО және ТЖКБ оқу орындарының бітіруші түлектеріне кезекті бос жұмыс орындары жәрмеңкесі өтті.

Іс-шараға партияның облыстық филиал төрағасы Алмасбек Есмаханов, қалалық мәслихат депутаты Мейрамбек Есжанов қатысып, жұмыс беруші мекемелердегі бос жұмыс орындарымен танысты.

Жәрмеңкенің басты мақсаты – жұмыссыз жастарға жұмыс беруші мекемелермен сұхбаттасуға мүмкіндік беру. Оқу бітіруші түлектерге мамандығы бойынша жұмысқа орналасуға жағдай жасау және мемлекеттік бағдарламаларды түсіндіру. Іс-шара барысында диплом алушы түлектерге арнайы 20 мекемеден 400-ге жуық бос жұмыс орны ұсынылды.

### АРАЛДЫҚ СПОРТШЫЛАР АЛДЫҢҒЫ ҚАТАРДА

Облыс орталығында футболдан 9-11 сынып ер балалары арасында өткен республикалық ұлттық мектеп лигасынан аралдық спортшылар олжалы оралды. Әр облыстың үздіктері жиналған теңбіл доп бәсекесінде аймақ намысын қорғаған №177 мектептің оқушылары жеңімпаз атанды.

Аяқдопшылар аламына әр өңірден үздік деп танылған 9 команда қатысты. Сыр өңірінің намысын қорғаған спортшылар барлық қарсыласынан басым түсті. Нақтырақ айтсақ, Қарағанды 1 – 4 Қызылорда; Қызылорда 4 – 4 Атырау; Алматы 0 – 11 Қызылорда; Қызылорда 2 – 1 Жамбыл есебімен жеңіс тұғырынан көрінді.

Финалдық ойында Атырау командасын 1 – 2 есебімен тізе бүктіріп, чемпион атанды.

### ІНІ – АҒАНЫҢ ТЫНЫСЫ

Басықара ауылдық клубы және Жастар ресурстық орталығының ұйымдастыруымен Әйтеке бидің 380 және Жанқожа бабаның 250 жылдына орай «Іні – ағаның тынысы» атты аудандық бауырлар сайысы өтті.

Сайысқа қатысушылар үш шарт бойынша бақ сынасты. Нәтижесінде бас жүлдені Лақалы ауылынан Нағашыбаевтар отбасы иемденсе, Мұратбаев ауылынан Ағаділовтар отбасы І орын, Басықара ауылынан Едігеевтер отбасы ІІ орын, Ақтан батыр ауылынан Шарапатовтар отбасы мен Пірімов ауылынан Әбділдаевтар отбасы ІІІ орынды еншіледі.

Барша қатысушыларға Жастар ресурстық орталығының дипломы мен сыйлықтары табысталды.

### ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БАЙҚАУ ЖЕҢІМПАЗЫ

Жас таланттарды қолдау, олардың шығармашылығын дамыту мақсатында аудан әкімінің қолдауымен Ш.Төлепова атындағы аудандық мәдениет үйінің жанынан құрылған «Айқарақөз» би тобы Ташкент қаласында өткен «Ташкент Гранд Фестиваль» халықаралық би байқауында бақ сынап, жүлделі І орынды иеленіп қайтты.

Топ құрамындағы 40 оқушы үш санат бойынша өнер көрсетіп, «Жетіген», «Асатаяқ» билерімен халқымыздың ұлттық өнерін насихаттап, көрермен көзайымына айналды.

### ЖАСТАР КЕШІ КӨҢІЛДІ

Аудандық жастар ресурстық орталығының ұйымдастыруымен Coworking орталығында «Жастар кеші көңілді» атты іс-шара өткізілді.

Мақсаты – жастардың бос уақытын тиімді пайдалану, достық қарым-қатынас орнату, жазғы демалысты көңілді өткізу және сыбайлас жемқорлықтың алдын алу.

Шара аясында үстел теннисінен сайыс өтті. Жастар арасында бұқаралық спортты дамытуды мақсат еткен байқауда І орынды Әзілхан Амандық (Бұқарбай батыр ауылы), ІІ орынды Серікбол Қасым (Жалағаш кенті), ІІІ орынды Нұрсұлтан Жалғас (Жалағаш кенті) иеленіп, арнайы дипломмен және бағалы сыйлықтармен марапатталды.

### ЕРЕКШЕ ЖАНДАР АРАСЫНДАҒЫ СПОРТТЫҚ САЙЫС

Аудандық қоғамдық даму бөлімінің тапсырысы аясында «Алғыр ой» коммерциялық емес жеке қорының ұйымдастыруымен мүмкіндігі шектеулі жастар арасында қол күрес және дартс ойыны бойынша спорттық сайыстар өтті.

Бұл спорттық шаралардың мақсаты – мүмкіндігі шектеулі жастардың өмірге деген құлшынысын арттыру, спортпен айналысуға шақыру.

Сайыс қорытындысы бойынша «Қол күрес» сайысында жүлделі ІІІ орынды Нұрлан Калекеев, ІІ орынды Нұржан Қаратаев иемденсе, жүлделі І орынды Бауыржан Пірманов еншіледі. Ал «Дартс ату» сайысында жүлделі ІІІ орынды Мақпал Калекеева, ІІ орынды Досхан Әлиев еншілессе, жүлделі І орынды Ербол Мейрамбек қанжығалады.

Сайысқа қатысушыларға арнайы дипломдар мен қаржылай сыйлықтар табысталды.

### ҰЛТТЫҚ ОЙЫН – ҰЛТ ҚАЗЫНАСЫ

«Көкшоқы» спорт кешенінде отбасы құндылығын арттыру, жас отбасыларға салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында «ЖАС-STAR FEST» жастар айы аясында «Ұлттық ойын – ұлт қазынасы» атты эстафеталық сайыс өтті. Шараны Жиделарық, Алғабас, Ақмая, Ш.Қодаманов, Бидайкөл, Нартай ауылдық мәдениет үйлері мен клуб кәсіпорындары ұйымдастырды.

Байқау қорытындысы бойынша жүлделі ІІІ орынды Ш.Қодаманов ауылынан Дүйсеновтер отбасы мен Нартай ауылынан Смайыловтар отбасы еншілессе, жүлделі ІІ орынды Бидайкөл ауылынан Шорабаевтар отбасы иеленді. Жүлделі І орынды Ақмая ауылынан Әбдрамановтар отбасы қанжығасына байласа, бөйгенің бас жүлдесіне Нартай ауылынан Аймахановтар отбасы лайық деп танылды.

### СӘН САЛОНЫНДАҒЫ ШЕБЕРЛІК САҒАТЫ

Аудандық қоғамдық даму бөлімінің «Жастар ресурстық орталығы» КММ ұйымдастыруымен «Балық берме, қармақ бер» жобасы аясында «Әдемі» сұлулық салонында тегін шеберлік сағаты өтті.

Шеберлік сағатына 10 қыз-келіншек қатысып, сала мамандарынан мақияж бен шаш үлгілерін жасау, тырнақ әрлеу секілді дағдыларды үйренді. Шара соңында қатысушыларға арнайы алғыс хат, сыйлықтар табысталды. Білгенімен бөлісіп, қыз-келіншектерді кәсіпке баулуға ниет білдірген «Әдемі» салонының шеберлеріне және Нұрғайша Нұртаеваға ұйымдастырушылар алғысын білдірді.

«АЖ» ақпарат



# АЭС САЛУ: ҚАУІП ПЕН ҮМІТТІҢ ҚИЫЛЫСЫ

Семей полигоны ядролық қару-жарақты сынақтан өткізу алаңы болса, АЭС ядролық энергияны пайдаланып, электр энергиясын өндіру көзі. Семей полигоны мен АЭС арасында тікелей байланыс жоқ. Дегенмен екі нысан да ядролық технологияны қолданады және радиоактивті материалдармен жұмыс істейді. Ядролық технологияның қолданылуы – қауіп пен үміттің қиылысында тоғысқандай. Мақсаттары әртүрлі болғанымен, жұмыс істеудің жауапкершілігі, басқару мен қауіпсіздік шараларын сақтау міндеті ауқымды.

Тақырыпқа арқау болған АЭС салу жоспары туралы толығырақ білу мақсатында ҚР Энергетика министрлігіне хабарласып, сауал жолдадық.

– Мемлекет басшысының Қазақстанда атом энергетикасын дамыту мүмкіндігін зерделеу жөніндегі тапсырмасын орындау мақсатында реакторлық технологияларды тандау бойынша бұрын жүргізілген зерттеулерді өзектендіру, АЭС-тің қуаты мен құрылыс ауданын анықтау бойынша жұмыстар жүргізілді.

Қазір ядролық технологияларды жеткізушілермен АЭС салу жобасын іске асыру аясында ұсынылған шарттарды талқылау бойынша келіссөздер жүргізілуде.

Бұл ретте Президенттің тапсырмасына сәйкес АЭС салу мәселесі жалпыхалық референдумға шығарылатынын атап өткен маңызды. Елімізде атом энергетикасын дамыту мәселесі референдум нәтижелері бойынша шешілетін болады, – делінген министрліктің жауабында.

Келесі кезекте атом энергетикасының маңызына тоқталсақ, ҚР Ұлттық ядролық орталығымен байланысқа шыққан болатынбыз. Орталық бас инженерінің орынбасары Денис Борисович атом энергетикасының әлемдегі танымалдылығының артуы туралы айтып берді. Маманның пікірінше, көмірсутегі отыны қорының сарқилуы және оны пайдалануға байланысты туындаған жаһандық экопроблемалардың аясында адамзат бейбіт атомның артықшылықтарын түсінген.

бастап жатқан сала емес және ерте ме, кеш пе, атом энергетикалық көздері бар елдер қатарына қайта қосыламыз, – деді Денис Зарва.

Атом электр станциясы – ядролық энергияны электр энергиясына айналдыратын заманауи инженерияның керемет туындысы. АЭС-тің жұмыс принципі ядролық реакторда пайда болатын жылу энергиясын пайдаланып, оны электр энергиясына айналдыруға негізделген.



Ядролық реакторда уран немесе плутоний отыны нейтрондармен соқтығысып, ядролық бөліну реакциясын тудырады. Бұл процесс орасан зор мөлшерде жылу энергиясын бөледі. Реактордың ішіндегі су жылуды алып, бұға айналады. Бұл бу турбинаға жіберіліп, генераторға механикалық энергия береді, ал генератор энергияны электр энергиясына айналдырады. Осы жұмыс принципіне сәйкес АЭС электр энергиясын тұрақты түрде өндіруге қабілетті. Олардың тиімділігі жоғары, себебі ядролық реакцияның қуаты үлкен және ұзақ уақыт бойы тұрақты жұмыс істей алады. БҚПК көрсеткішінің негізінде қуаты 2,8 ГВт атом электр станциясы өндіретін электр энергиясын өндіру үшін 4 024 гектар алаңда 8,05 ГВт ЖЭС немесе 28 860 гектар алаңда 14,43 ГВт КЭС салу қажет.

Ал өндірілген электр энергиясын қалай қолданамыз? АЭС-те өндірілген электр энергиясы жоғары вольтты электр желілері арқылы таратылады. Бұл желі ауыл-аймақтарға электр энергиясын жеткізеді. Трансформатор станциялары арқылы өңірге жақындаған сайын электр энергиясы төмен кернеуге дейін түсіріледі. Бұл процесте трансформаторлар электр энергиясын тұрғын үйлерге, өнеркәсіптік кәсіпорындарға және басқа да тұтынушыларға қауіпсіз түрде жеткізу үшін кернеуді реттейді. Осылайша энергия есебінен ыңғайлы әрі қолайлы өмір сүру мүмкіндігі артады.

Мысалы, 1 килограмм ураннан алынатын энергия 100 тонна көмірден бөлінетін энергиямен пара пар. Бұл – атом электр станциясының маңызды артықшылықтарының бірі.

Екіншіден, ядролық энергия өндіру барысында атмосфераға парниктік газ шығарылмайды, бұл климат өзгерісімен күресуге көмектеседі. Мәселен органикалық отынды жағу кезінде 81,6 пайыз көмірқышқыл газы бөлінеді. Жылу электр станциясы жылына ауаға 120 мың тоннаға дейін күкірт тотығын, 20 мың тоннаға дейін азот тотығын, 700-1500 тонна аралығында майда күл және 7 миллион тоннаға дейін көмірқышқыл газын жібереді. Бұдан бөлек жыл сайын 300 мың тоннаға дейін күл шығарады. Ал атом электр станциясында аталған көрсеткіштер нөлге теңестіріледі.

Үшіншіден, ядролық реакторлардан алынатын энергияның тығыздығы өте жоғары, сондықтан аз мөлшердегі отын үлкен көлемдегі энергия өндіруге мүмкіндік береді. Ядролық отын ұзақ уақыт бойы жұмыс істей алады, бұл елдің энергетикалық тәуелсіздігін қамтамасыз етеді.

Десек те мына мәселеге назар аударған абзал. АЭС-тің жұмысында

қауіпсіздік шаралары қатаң сақталуы қажет. Себебі апат үлкен зиян келтіруі мүмкін. Бұған 1986 жылғы Чернобыль апаты мен 2011 жылғы Фукусима апаты дәлел. Сондай-ақ ядролық энергия өндірісі барысында радиоактивті қалдықтар пайда болады, оларды қауіпсіз сақтау және жою да маңызды мәселе.

Пайдаланылған ядролық отынды қайта өңдеу арқылы оның радиоактивті қалдықтарының көлемін айтарлықтай азайтуға болады. Қайта өңдеу барысында отында қалған плутоний және уран сияқты пайдалы материалдар бөлініп алынады және оларды жаңа отын ретінде пайдалануға мүмкіндік туады. Бұл процесс пайдаланылған отынды тиімдірек пайдалануға, радиоактивті қалдықтарды азайтуға және ресурстарды тиімді басқаруға көмектеседі. Дегенмен бұл процестің өзіндік қиындықтары мен қауіптері де бар.

АЭС салу және қызмет көрсету құны қымбатқа түседі және арнайы инфрақұрылым қажет етеді.

ҚР Энергетика министрлігі АЭС салу кезіндегі кедергілер жөнінде мынадай ақпарат берді:

«АЭС жоғары қауіпті объект. Бұл ретте жаңа буын III немесе III + АЭС-терде қауіпсіздіктің барлық талабына жауап беретін жаңа әзірлемелер пайдаланылғанын ескеру қажет. Жаңа буын реакторларының басты ерекшелігі – станцияның сыртқы және ішкі әсерге барынша төзімді ететін белсенді және пассивті қауіпсіздік жүйелерінің бірегей үйлесімі.

Сондай-ақ, тағы бір кедергіге Қазақстандағы су ресурстарының жетіспеушілігі жатады. Дегенмен қазірдің өзінде табиғи су қоймаларының жағасында АЭС салу тәжірибесі барлық жерде бар деп айтуға болады. Сонымен қатар шөлде орналасқан үлкен қуатты АЭС-тері бар және әлемде АЭС пайдаланылатын бірде-бір ел станциялардың су айдынына теріс әсер етуінің нақты фактілеріне тап болған жоқ».

Мәселен АҚШ-тағы Соноран шөлінде орналасқан 4200 МВт қуаты бар Пало-Верде атом электр станциясында өзен, көл, теңіз де жоқ. 35 жылдан бері АЭС иелері Феникс қаласындағы ағынды суларды тазарту станциясынан сатып алатын айналымдағы суды пайдаланып келеді.

ҚР Энергетика министрлігінің Атом энергетикасы және өнеркәсібі департаменті директорының орынбасары Гүлмира Мұрсалованың айтуынша, көмірмен жұмыс істейтін станцияларға шетелдік мекемелерден инвестиция бөлінбейді.

– Қазақстанда өндірілетін энергияның 70 пайызы көмірмен жұмыс істейтін станциялардан шығады. Олардың тозу деңгейі өте жоғары. Үкіметтің жоспарына сәйкес 2035 жылға дейін 26,5 ГВт қуаты бар станцияларды іске асыру қажет. Оның ішінде қолданыстағы нысандарды жаңарту жұмыстарын жүргізу және жаңа станциялар салу жоспарлануда. Елімізде жаңартылған энергия көздері, күн, жел электр станциялары жұмыс істеп жатыр. Бұдан әрі де жаңартылған энергия көздерін дамытуға жоспар бар. Сонымен қатар Қызылорда, Түркістан облысында, Алматы мен Шымкент қаласында ірі жобалар жүзеге асады.

Халықаралық экологиялық саясатқа байланысты көмірмен жұмыс істейтін станцияларға шетелдік мекемелерден инвестиция бөлінбейді. Халықаралық қаржы ұйымдары осындай нысандарға қаржы бөлуге тыйым салған. Себебі олардан бөлінетін көмірқышқыл газының мөлшері өте жоғары, – деп атап өтті сала маманы.

Атом электр станциясын салуға Қазақстанның 2 аумағы белгіленген. Олар – Абай облысы, Қурчатов қаласы мен Алматы облысына қарасты Үлкен ауылы.

Шілденің 30-ы күні Сыр елінде өткен жария талқылауда мамандар «АЭС салу елдің дамуына мультипликативтік әсер етеді» деген тұжырымдама айтты. Құрылыс кезінде 8000 адамға дейін, ал пайдалану кезінде 2000 адам жұмылдыру қарастырылған. Экономикалық саладағы көрінісі бүкіл цикл бойынша 2,5 – 3 млрд доллардан астам салық түсімдері көзделіп отыр. Сондай-ақ жоғарыда айтылған парниктік газ шығындылары жылына 10 млн тоннаға дейін азаюы мүмкін. Атом энергиясы жөніндегі халықаралық агенттіктің мәліметі бойынша 2050 жылға қарай барлық елдің АЭС-інен өндірілетін электр энергиясы 792 ГВт дейін 2 есеге өсу ықтималдығы бар.

АЭС – ядролық реактор. Әлемде 416 реактор болса, оның тізіміне алдағы уақытта 59-ы қосылады. Нақтыласақ, 25-і Қытайда, Үндістанда 7, Ресей, Түркия мен Мисыр Араб Республикасында 4-суден салынып жатыр. Жалпы қарайтын болсақ, ең белсенді реакторлар АҚШ-та, олардың саны 94-ке жеткен. Жаһандық сандар тақтасына тоқталдық, ал АЭС туралы тәжірибе не айтады екен?

Атом электр станциялары әлем елдерінің энергетикалық инфрақұрылымында маңызды орын алады. Бұл станциялар жоғары тиімділік пен тұрақты энергия өндіру қабілетіне ие болғандықтан энергетикалық қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін АЭС-терді қолданады. Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, ядролық энергия болашақтың сенімді және экологиялық таза энергия көзі бола алады.

Франция – ядролық энергияны кеңінен пайдаланатын елдердің бірі. Бұл мемлекет өз электр энергиясының шамамен 70%-ын АЭС-тен өндіреді. Жапония да ядролық энергетиканы қолданатын елдердің қатарында. Алайда 2011 жылғы Фукусима апаты елдегі ядролық қауіпсіздік шараларын қайта қарастыруды талап етті. Жапония бұл оқиғадан кейін арнайы стандарттарын күшейтті. Олардың тәжірибесі ядролық энергетикадағы қорғаныс мәселелерінің маңызын көрсетеді.

Оңтүстік Кореяның экономикалық өсуіне үлес қосуы, Францияның тұрақты және сенімді энергия өндіру тәжірибесі, Жапонияның қауіпсіздік шараларын күшейтуі, АҚШ-тың инновациялық шешімдері – бәрі де ядролық энергетиканың болашағы зор екенін дәлелдейді. Қазақстан да осы елдердің тәжірибесін ескеріп, ядролық энергияны тиімді және қауіпсіз пайдалану арқылы болашаққа сенімді қадам жасай алады. Ал бұл қадам жасауда бізге АЭС-ті кім салып беруі мүмкін?

Өткен жылы ҚР Энергетика министрлігі АЭС салынатын жағдайда ұсыныстары қаралатын компаниялардың тізімін мәлімдеген еді. Шолу жасасақ, тізімде Росатом (Ресей), Électricité de France (Франция), China National Nuclear Corporation (Қытай), Korea Hydro & Nuclear Power (Оңтүстік Корея) бар.

Еліміз уран қоры бойынша әлемде екінші орында. Барлық барланған әлемдік қорлардың шамамен 14%-ын құрайды. Бұл елдің атом электр станцияларына қажетті уран отынын қамтамасыз етудегі стратегиялық маңызын көрсетеді.

Қазақстан өз энергетикалық қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін ядролық энергетиканы дамытуға ұмтылуда. Алайда елде АЭС салу мәселесі жан-жақты саралап, талқылауды қажет етеді. «Кеңеспен шешкен шешімің, кемісі болмас» деген халық сөзін ұмытпайық!

Әлия ТӘЖІБАЙ

– Біз жаңартылатын энергияны да дамытамыз. Бірақ ол энергетика секторының негізгі құрамындағы қажеттіліктерді қанағаттандыра алмайды. Өнеркәсіпке күн сайын тәулігіне 24 сағат энергия беріп, негіз болатын ірі энергетикалық көздер қажет. Ал ЖЭК белгіленген қуатты пайдалану бойынша бұл сияқты көрсеткіше ешқашан қол жеткізе алмайтыны белгілі. Сол себепті мұндай жағдайдан шығудың мүмкін болып тұрған жалғыз жолы – атом энергетикасы мен өнеркәсібін дамыту.

Өзіміздің атом энергетикалық бағдарламамызды өрістетуді елді алдағы ондаған жылдарға белгіленген тариф бойынша қажетті энергиямен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Экономиканың энергетикалық секторын әртараптандыруға, экологиялық жағдайды неғұрлым жақсартуға жағдай жасап, ғылым мен техниканың, өнеркәсіптің дамуына, сондай-ақ еліміздің энергетикалық тәуелсіздігі мен қауіпсіздігіне қол жеткізуге ықпал етеді. Қазақстанда атом энергетикалық бағдарламасын дамытуға арналған қажетті алғышарттар мен мүмкіндіктер бар.

Біз үшін атом энергетикасы енді ғана





# МӘМС: ҚҰБЫЛҒАН ҚАРЖЫ АҒЫНЫ

## Ақшаң болса күтпейсің

Дегбірі қашып, дәрігерге апталап, тіпті айлап кіре алмай жүргенін айтып, шағымданып отырған шаш етекпен. Басқа-басқа, жаны қысылып, ем іздеп келген науқасқа «осынша уақыт күтіп, шыдай тұр» деу шыдамды тауысады. Алайда бір айта кететін дүние – тегін көмек алу үшін күту керек, бірақ ақысын төлеसेңіз, дәл сол кезде, сол жерде қарала аласыз. Жалпы, бұл мәселе біраздан бері айтылып, көтеріліп жүр. Мәселен, Мәжіліс депутаты Асхат Аймағамбетов Үкіметке сауал жолдап, бірқатар ұсыныс айтып, көкейде жиналған көп мәселені көпшілікке жеткізді.

– Міндетті медициналық сақтандыру жүйесін енгізу медициналық қызметтердің қол жетімділігі мен сапасын арттырып, денсаулық сақтаудың тұрақты қаржылық моделін құруы керек еді. Медициналық сақтандыру бірнеше жыл бойы жұмыс істегеніне қарамастан, медициналық көмектің сапасына қатысты мәселелер әлі де көп, – деген еді Асхат Аймағамбетов.

Оның сөзінше, мәселенің бір себебі жасанды түрде құрылған қаржыландыру жүйесіне байланысты.

– Егер азамат тегін тексерілігі келсе, ол көбінесе бір ай, тіптен үш ай күтуге тура келеді, бірақ ақылы болса, қызметті бірден алуға болады. Бұл соның ішінде жасанды түрде құрылған қаржыландыру мәселесіне байланысты. Емханалар іс жүзінде ай сайын қызмет түрлері бойынша квота алып отырады. Мысалы, КТ 10, МРТ 5 және т.б. Егер өтініштер көп болса, олар келесі айларға жазылады, – деген еді халық қалаушысы.

Осыған байланысты ол көрсетілген қызметтер фактісі бойынша төлемге көше отырып, жоспарлы және ай сайынғы қаржыландырудан бас тартуды ұсынған болатын. Сондай-ақ МӘМС шеңберінде сақтандырылушыларға медициналық ұйымды еркін таңдау құқығын беруді қарастыру қажет екенін жеткізді. Оған қоса, ТМҚК және СМС пакеттеріне кіретін медициналық қызмет түрлерін нақтылаған жөн екенін астын сызып тұрып айтып.

Мәселені шешуге көрсетілген қызмет бойынша қаржы

бөлу туралы ұсыныс мүмкіндік беретін сияқты көрінеді. Әйтсе де қазір дәрігерге қаралмаған адамдарды «қаралды» деп, сыртынан тіркеп қою да жиілеп кетті. Жақында тура осы мәселені Қызылорда тұрғыны айтқан болатын. Оның сөзінше, Datumed оны тіркеп қойған. Осыдан кейін басқа да азаматтар осындай оқиғаға тап болғанын айтып жатты. Яғни, емделген науқастардың санын қолдан көбейту үшін осындай айла-амалдар ойлап табу негізгі себебі. Бұл қаржыландыру мәселесіндегі олқылықтарды су бетіне шығарады.

– Тапсау қаржыландыруды жоспарлауда мәселе бар екенін көрсетеді. Мысалы, өзекті бағыттар бойынша қаржыландыру тапшылығының болуы көбінесе басқа бағыттар бойынша дамымаумен қатар жүреді, яғни саланы қаржыландыруға байланысты проблемалардың бір бөлігін ішкі ресурс есебінен шешуге болады, атап айтқанда оларды ұтымды және негізделген жоспарлау, – деп ұсыныс айтқан болатын Асхат Аймағамбетов.

Бұл сұрақ пен ұсынысқа Үкіметтің берген жауабында Қазақстанда медициналық көмектің көлемін алдын ала бөлу моделі тұтынушы болжамына негізделген және медициналық көмектің үздіксіз көрсетілуіне бағытталғаны айтылады. Бұл медициналық көмекті күту уақытын ұлғайтады екен. Сондай-ақ Үкімет қазір бюджет шектеулі екенін, медициналық қызметтерді айтарлықтай артық тұтыну байқалатынын тілге тиек етіпті.

– Осыған байланысты қазір денсаулық сақтау жүйесін толығымен цифрландыру бойынша жұмыс жүргізілуде. Оның ішінде Е-Денсаулық бұрынғы ақпараттық-технологиялық платформасы аясында жоспарлау, сатып алу, мониторинг және медициналық көмекті төлеу процестерін цифрландыру бойынша жұмыс жүргізіліп жатыр. Бұл міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесін қаржыландыруды жетілдіреді, – деп жазылған Үкімет жауабында.

Оған қоса денсаулық сақтау ресурстарын тиімді бөлу және пайдалану мақсатында түпкілікті нәтижелерге қол жеткізу үшін, 2024-2026 жылдарға арналған медициналық көмек көрсетуіне бағдарламасы шеңберінде КТМҚ және МӘМС қаражаты есебінен медициналық көмек түрлерін нақты ажырату бойынша жұмыс жүргізіліп жатқаны да сөз болған.

## 1 трлн 272 млрд теңге

Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорында медициналық ұйымдарды қаржыландыру барысы туралы есеп берілді. Бүгінде еліміз бойынша амбулаториялық дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етуді қоса алғанда жалпы 1 трлн 272 млрд теңге төленген. Қазір биыл көрсетілген медициналық қызметтерге төлемдер жүргізіліп жатыр.

Шілденің шілдесі жағдай бойынша ӨМСҚ-ның Қызылорда облысы бойынша филиалы 112 медициналық ұйымға биылғы қаңтар-наурыз және шінара сәуір айлары үшін актілерге 60,2 млрд теңге төленті.

– Шілденің соңына дейін сәуір айына төлем жасауды аяқтап, мамыр айына актілерге төлем жасауға көшу жоспарлануда. Қаржыландыру кезеңдері қазақстандықтардың медициналық көмек алуына келергі келтірмеді және келергі етпеуі тиіс екенін атап өткім келеді, – деді Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры басқарма төрағасының орынбасары Индира Саркенова.

Сонымен бірге Қор медицина қауымдастығын шарт аясында бөлінген қаражатты ұтымды пайдаланып, сондай-ақ қазақстандықтарға медициналық көмек көрсетуден бас тартпауға шақырғанын да айта кетейік. Жалпы алғанда жағдай Қордың бақылауында және медициналық ұйымдарды үздіксіз қаржыландыру бойынша барлық қажетті шаралар қабылданыпты-мыс.

## Қаржы қайда сақталады?

Жалпы осы кезге дейінгі ақпарат бойынша 741 млрд теңге МӘМС активі ұзақмерзімді мемлекеттің құнды қағаздарына, 108 млрд теңгесі облигацияларға, 171 млрд теңгесі Ұлттық Банктің қысқамерзімді депозиттеріне салынған. Қордың ресми түсініктемесінде халықтан түскен барлық жарна мен аударым Ұлттық Банктегі арнайы шотқа түсетіні, одан кейін халыққа көрсетілген медициналық қызметтерге ақы төлеу үшін медицина ұйымдарына жіберілетіні айтылған. Яғни, халықтан түскен уақытша «бос тұрған», медициналық қызметтерге төленгеннен қалған артық қаражат. Ұлттық Банк бекіткен қаржы құралдарының тізіміне сәйкес бағалы қағаздар мен депозиттерге салынады.

– Бұл инвестициялық кіріс алуға мүмкіндік береді, яғни МӘМС-те жиналған актив сомасын арттырады, бұл кіріс тек медициналық қызметтерге ақы төлеуге жұмсалып және қорды ұстауға пайдаланылмайды. Сонымен қатар қор МӘМС қаражатын өз бетінше инвестицияламайды, – деп жазылған қор мәліметінде.

Сонымен қатар қор қаражатты тиімді сақтау механизмі міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы заңнаманы бекіткен кезде енгізілгенін және жүйенің активтерін көбейтуге мүмкіндік беретінін, бұл жыл сайын көрсетілетін медициналық қызмет көлемін ұлғайтуға және медициналық көмекті қолжетімді етуге мүмкіндік береді деп түсіндірді. Сонымен үнемі үздіксіз аудит жүргізілетіні туралы айтады.

Түсінуімізше 2022 жылғы көрсеткішпен салыстырғанда инвестициялық кіріс өсімі былтыр 1,6 есеге артқан. Бұл қаражат биыл жыл басында басқа да активтермен қатар медициналық ұйымдармен 2024 жылға жасасқан шарт бойынша 30 пайыз алдын ала төлемді төлеуге жұмсалыпты. Яғни қорға түсіп жатқан қаражат 2017 жылдан бері инвестицияланып келеді. Қор бұл түсімнің барлығы орнымен жұмсалып жатқанына сендіреді. Дегенмен медициналық сақтандыру жүйесі туралы жақсы пікір көп айтыла бермейтіні де өтірік емес. Халықтың жиналып қалған шағымын жақында Мәжіліс мінберінде бірқатар депутат көтергенін мұқым ел біліп отыр.

## Тарифті «тура жолға» салу керек

Медициналық сақтандыру қорының соңғы деректері төленген, бірақ іс жүзінде көрсетілмеген қызметтердің, яғни «тіркемелердің» көп екенін дәлелдейді.

– Қордың шамамен 10 пайызын тексерген кезде, 52 мың тіркемені анықтады. Егер 100 пайыз тексерілсе, нақты жағдай қандай болар еді? Бұл неге байланысты? Бірінші себеп – ауруханаларды көбірек науқас тіркеуге ынталандыратын қордың айыппұл жүйесі. Қаржыландыру моделін толығымен өзгерту керек, тіркеудің пайда механизмін алып тастау қажет. Екінші себеп – тарифтердегі ауытқулар. Медицина қызметкерлерінің жалақысы өскен кезде, медициналық қызмет тарифі де пропорционалды

өскені байқалмады. Жалақы тарифтің көп бөлігін ұстап қалады және дәрі-дәрмектерге, медициналық мақсаттағы бұйымдарға, тексерулер мен талдауларға аз ақша қалады. Оның салдары медицина сапасына кері әсерін тигізеді және науқастар зардап шегеді. Бұл тарифтік жағдай медициналық ұйымдардың кредиторлық берешегінің өсуіне әкелді. Тариф белгілеу мәселесін шұғыл қайта қарау қажет. Сонымен қатар медтарифтен коммуналдық қызметтерді алып тастау керек, өйткені өңірлерде инфрақұрылымдар әртүрлі, ауа-райы жағдайлары да бірдей емес және коммуналдық қызметтердің құны бар, – дейді Асхат Аймағамбетов. Ол тариф белгілеу әдістемесін шұғыл қайта қарау қажет екенін жеткізген болатын.

Үкіметтің ресми мәліметіне көз жүгіртсек, 2022 жылдың қорытындысы бойынша жалпы құны 20,8 млрд теңге болатын 3 миллионнан астам заң бұзу анықталған, оның ішінде 403 миллион теңге осы жалған көрсеткіштерге қатысты.

– Жалған көрсеткіштер мәселесі денсаулық сақтау жүйесін толық цифрландыру арқылы шешілетін болады, бұл 100 пайыз мониторинг жасауға мүмкіндік береді. Цифрландыру медициналық қызметтерді тұтынушылардың виртуалды шоттарындағы ақша қаражаттарының қозғалысын бақылау және дербес қаржылық есепке алу принципі негізінде жүзеге асырылады, – деп жауап берді Үкімет.

Сонымен қатар қазіргі тарифтер нақты шығындарға сәйкес келмейді, медициналық қызметтердің нарықтық бағасынан 3-4 есе төмен екені ресми ақпараттарда айтылып жүр.

– Жалақыны көтеруге бөлінген қаражат медициналық ұйымдардың шұғыл қажеттіліктерін жабуға бағытталады. Тарифтерді арттыру мәселелерін шешу барлық жалған көрсеткіштерді анықтау және емдеу клиникалық хаттамаларына ревизия жүргізу бойынша ауқымды жұмыстарды жүргізу нәтижелері бойынша жоспарлануда. Қазір тарифтерді қайта қарау ең қажетті қызмет түрлері бойынша жүзеге асырылуда. Коммуналдық қызметтерге тарифтер мәселесі медициналық және бизнес қоғамдастықпен, сондай-ақ жергілікті атқарушы органдармен жан-жақты талқылауды талап етеді, – деп жауап берді Үкімет.

## Жаға ұстатқан жарна

Қордың 2020-2025 жылдардағы даму Стратегиясына қарамақ, мемлекет жарна төлеуден босатылған, саны шамамен 11 миллион болатын адам үшін немесе халықтың 59 пайызына жарна құяды. Яғни, халықтың жартысынан астамына сақтандыруды мемлекет төлейді. Дегенмен бұл бағытта да шешілмеген мәселе бар.

– МӘМС туралы заңның 26-бабын бұза отырып, азаматтардың жеңілдікті санаттары үшін төленетін мемлекеттің жарналары заңда көрсетілгендей қаржы жылының алдыңғы екі жылындағы орташа айлық жалақыға емес, орташа жалақыға негіздеп есептеледі. Бұл жүйеде тапшылық тудырып, жалпы медициналық қызметтердің сапасына кері әсер етеді. Кейбір есептерде біз экономика бойынша орташа айлық жалақыны есептейміз, ал денсаулық сақтауда қаржыландыруға келетін болсақ, біз орташа жалақыны есептейміз. Жеңілдетілген санаттар үшін мемлекет жарнасын есептеу әдістемесін шешуді ұсынамыз, – деді депутаттар.

Оған қоса жарна төлеу 1-2 айға кешіктірілсе, азамат сақтандырылмайтыны, көмек ала алмайтыны да үлкен мәселе болып тұр. Мысалы, жарнаны тұрақты төлейтін, бірақ ұзақ демалыста, шетелде 3 айдан астам уақыт болған азаматтар қарала алмайды. Сол үшін сақтандырылушының мәртебесін айқындаудағы мәселелерді шешу ұсынылды. Ал Үкімет жарна төлемеу қаржылық жағдайды қиындатытынын, дегенмен кей ерекше жағдайлар үшін арнайы тетіктер әзірлемек жоспар барын жеткізді.

Түйін. Үкімет халықтың жарна төлеуге құлықсыз екені мәселенің бір себебі деп көрсеткен екен. Ал халық сапалы көмек ала алмайтындықтан жарна төлегісі келмейді. Тұйықталған шеңберді жазып, мәселенің шешімін табу оңайға соқпасы анық. Себебі оның астарында көлеңкелі нарық, жемқорлық, кадр тапшылығы және басқа да кешенді проблема жатыр.

Қыруар қаржы қорда не басқа жерде айналымда жүргенімен игерілер тұста иіліп ауырған қарт, үйінде жата алмаған сырқат анаға керегі анық. Бас ауырып, балтыр сыздаған тұста, жаны қысылған мезетте халыққа «МӘМС-те ақшам бар еді» дегізбей, «қорға ақша салған еді ғой» деп дәрігерлер өзі біліп, науқасты емдей кетсе іс оңайланар еді. Ауырмайық!







105



## ЖАСТА МАГИСТР АТАНДЫ

Әлемді жақсартуға қабілетті мүмкіндіктер, өзгерістер мен жетістіктердің бастауы не екенін білесіз бе? Ол – білім. Бұл ресурс адамды надандықтың қараңғылығынан алып шығып, еркіндік жолына апараты.

Білім алу – өмір бойы жалғасатын процесс. Бұлай деуімізге дәлел де бар. Әйгілі ғалым Альберт Эйнштейн өз өмірін білім мен ғылымға арнағанын білеміз. Оның зерттеулері мен ғылыми ізденістері, өмірге деген шексіз құштарлығының айқын дәлелі емес пе?

Америкалық жазушы Марк Твен айтқандай, «Білім – еркіндікке жол ашатын кілт». Мұның қуатты қару екенін білген қазақтың зиялы өкілері де білімге жастайынан бет бұрған. «Мен жастарға сенемін» деп жырлаған Мағжан Жұмабаев 4 жасында хат таныған. Сол секілді ғалым Шоқанның да білім мен ілім жолы жастайынан басталған. Әкесі Уәлихан Шоқанға 3 жасында хат танытқан.

Ерте жастан ғылымға бет бұрған бабадан мықты маман шығары сөзсіз. Сонымен қатар әлемдік тәжірибеге қарап білім алудың ерте не кеші жоқ екенін аңғаруға болады. Бұл ретте 83 жылдан кейін қол жеткен арманды айтуға болады. Америкалық Вирджиния Хислоп 1936 жылы Стэнфорд университетінде оқыған. Бакалавр дәрежесінен кейін ол магистратураға түскен. Алайда Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде жұбайы әскери қызметке шақырылып, Вирджиния оқуын тоқтатуға мәжбүр болды. Кейін білім саласында ұзақ жыл еңбек еткен. Ал биыл жасы 105-ке келгенде Вирджиния Хислоп зерттеуін қорғап, Стэнфорд университетінің магистр дәрежесін алды. Бұл оқиға табандылық пен мақсатқа деген адалдықтың нәтижесінде кез келген арманның орындалатынын көрсетеді.

Айта кетейік, жуырда ақпараттық агенттіктер Бристоль университетінің құрметті докторы атағын алған 98 жастағы ғалым Розмари Фаулер жайлы жазды. Ол 1948 жылы Сесил Пауэллдің басшылығымен Бристоль университетінде каон бөлшектерін ашып, 1950 жылы физика бойынша Нобель сыйлығын алуға үлес қосқан. Алайда еңбек жолындағы докторлық диссертациясы аяқсыз қалған. Ол 1949 жылы физик Питер Фаулерге тұрмысқа шыққан. Араға жылдар салып Розмари Фаулерге доктор атағы берілді.

Білім – алға ұмтылуға, арман-мақсаттарға жетуге жол ашады. Ол – адам өмірінің шамшырағы. Ал сіз тоқтап қалған жоқсыз ба?

Инжу МАРЖАН

## «БІР КҮНДІК КЛИНИКА» ПИЛОТТЫҚ ЖОБАСЫ ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

Облыстық перинаталдық орталығы базасында ұрықтың пренаталдық диагностикалық сапасын жақсарту, балалар арасында аурушандық пен мүгедектікті уақытылы диагностикалау және алдын алу, ұрықтың туа біткен даму кемістігінен нәресте өлімін азайту мақсатында пренаталдық скрининг жүргізуді жетілдіру үшін сараптамалық деңгейдегі ультратрадыстық зерттеу, биохимиялық скрининг және генетикалық кеңес беруді қамтитын «Бір күндік клиника» пилоттық жобасы іске қосылды.

Іс-сараға облыстық денсаулық сақтау басқармасының ана мен бала денсаулығын қорғау жөніндегі орынбасары Мая Мирзанова және медицина ұйымдарының басшылары қатысты.

Бұл жоба ҚР Денсаулық сақтау министрлігі, облыс әкімдігі мен басқарманың нәтижелі



ынтымақтастығы арқасында жүзеге асырылады.

Орталықта жүкті әйелдерге ультратрадыстық және биохимиялық скрининг жасалып,



генетиктер мен акушер-гинекологтар кеңес береді. Ұрықтың инвазивті пренаталды диагностикасы жүргізіліп, даму патологиясы анықталған кезде пренаталды консилиумда босану тактикасы анықталады. Сондай-ақ, орталықта ұрықтың анықталған ақауларын растау үшін УДЗ диагностикасының екінші деңгейі бар.

Ұрықты қорғау орталығы ультратрадыстық және биохимиялық скрининг жүргізу

үшін қажетті жабдықтармен жабдықталған. Орталықтың негізгі бағыты – туа біткен патологиялармен күресу, ұрықтың қалыптасуына әсер ететін жағымсыз факторларды жою, туа біткен даму кемістіктер мен хромосомдық ауытқулар анықталған жағдайда жүктілікті ұзарту мәселесі, ұзартқан жағдайда жаңа туған нәрестеге уақытылы қажетті медициналық көмек көрсету. Генетика бөлімінде хромосомалық ауытқуларға пренаталды биохимиялық скрининг және тұқым қуалайтын метаболикалық ауруларға неонаталды скрининг жүргізіледі.

Анықталған туа біткен патологиялармен жүктілікті одан әрі жүргізу немесе тоқтату тактикасы туралы мәселелерді шешу үшін ұрық патологиясының сипатына

байланысты бейінді мамандарды тарта отырып, көпсалалы комиссия ұйымдастырылады. Комиссия отырысында отбасына анықталған аурудың барлық салдары, жүктілікті ұзарту туралы шешім қабылдаған кезде баланың өміріне болжам жасалып, мүгедектік дәрежесі түсіндіріледі.

Бір күндік клиника жүкті әйелдерге бір күн ішінде барлық тексеруден өтуге мүмкіндік береді. Мұнда «осында және қазір» принципі маңызды рөл атқарады. «Жүкті әйелдерге мемлекеттік тегін медициналық көмек аясында ең заманауи медициналық диагностика мен емдеу әдістері ұсынылады» дейді сала мамандары.

«АЖ» ақпарат

## ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ СУСЫН

### 21 жасқа толмағандарға сатылмауы мүмкін

Бүгінде кез келген дүкен сөрелері газдалған, энергетикалық құндылығы жоғары сусындардан босамайды. Оны тұтынушылардың да аз еместігі бәрімізге мәлім. Ал жаз мезгілінде оған сұраныс екі есе артады. Шөліңді қандырып, ағзанды сергітетіні рас. Десек те пайдасынан зияны көп. Әлемге танымал тұлғалар да бұл сусынды жарнамалап әлек. Ал оның ағзаға түскеннен кейінгі әсері қандай?

#### ҒАЛЫМДАР НЕ ДЕЙДІ?

Америкалық ғалымдардың пайымдауынша, мұндай сусынды ішетіндер өз денсаулықтарына қауіп төндіруде. Күніне 2 бөтелкелен артық тұтыну семіздікке әкеледі. Ал ең қиыны қант диабеті мен өлімге себеп болатын жүрек-қан тамырлары аурулары, ісік ауруларының дамуына түрткі болады. Тіс эмалін ерітіп, қариестің асқынуына әкеледі. Одан бөлек, тәтті сусын мидың жұмысын бәсеңдетеді, бұл үшін 1 стаканнан өзі жеткілікті. Оның психологияға да әсері бар: ұйқысыздық, күйзелістік секілді құбылыстар жиі орын алады. Бір өкініштісі, жоғарыда атап өткен дерттердің қатарын тағы да толықтыруға болады...

Ғалымдар зиянды тәтті сусынның орнына жидек немесе жемістер қосылған су ішуді ұсынады. Сондай-ақ зерттеулердің нәтижесінде қарапайым шай жүректің саулығына тұрақты оң әсер еткен жалғыз сусын болған. Диетолог Кэрри Ракстонның айтуынша, күніне бір кесе шай жүрек-қан тамырлары ауруларынан болатын мезгілсіз өлім қаупін 4%-ға азайтады.

#### ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ СУСЫНҒА ҚАРСЫ ЗАҢ

Жуырда әлеуметтік желіде «энергетикалық сусынды тұтыну енді 21 жастан асқан соң рұқсат берілуі

мүмкін, осыған қарасты заңнама әзірленуде» деген ақпарат пайда болды. Әрине, бұл жаңалық көбіне ұнамай, «енді қалғаны сол еді» дегендей пікір білдірді. Белгілі бір лоббистік топтар, үкіметтік емес ұйымдар, блогерлер бұл бастаманы қолдамайтынын жеткізіп, белсенді түрде қарсы болды.

Егер заң өкілетті органдармен мақұлданып, күшіне енетін болса, «Өкімшілік құқық бұзушылық туралы» кодекске жаңа 423-3-бап енгізіледі. Нәтижесінде энергетикалық сусындарды сатып алу 21 жастан жоғары адамдарға ғана рұқсат етіледі. Егер заң қабылданса, 423-3-бапқа сәйкес сатушының қатысуынсыз сауда автоматтары, вендингік, электронды немесе механикалық құрылғылар арқылы сатса, жеке тұлғалар үшін – ескерту жасалады немесе 15 АЕК, шағын кәсіпкерлік субъектілері үшін – 25 АЕК, орта кәсіпкерлік үшін – 40 АЕК, ірі кәсіпкерлік субъектілері үшін – 100 АЕК көлемінде айыппұл салынады. Ал ескертулер мен заңды елемей, 1 жыл ішінде тағы қайталанса айыппұл құны екі еселенбек.



#### ӘЛЕМДІ ӘБІРГЕ САЛҒАН «ЭНЕРГЕТИК»

1990 жылдан бері әлемде қантты сусындарды тұтынудың көрсеткіші 16%-ға өсті. Атап айтқанда, Сахараның онтүстігіндегі Африка елдерінде бұл көрсеткіш 81%-ға артты, бұл өсім әсіресе халықтың білімді және ауқатты топтарына тән болды. АҚШ, Мексика, Африканың екі елі – Эфиопия мен Нигерия секілді алпауыт елдердің қантты сусынды апта сайын тұтыну деңгейі орташа есеппен 7,1 және 4,9 үлесін құрап отыр. Газдалған сусындар жылына 200 мың адамның өмірін ұрлайды. Мұндай жайт біздің елде сирек

орын алса да, TikTok әлеуметтік желісінде энергетикалық сусындардың кесірінен өмірі қыл үстінде қалған жандардың бейнероликтері бар. Тәуелділіктен тәубаға келу үшін өмірін үзе жаздағандар аз емес.

Біз қалыптасып қалған дүниелерді өзгертуге бейім емеспіз. Мәселен, достарымен бас қосқанда пиццамен бірге, газдалған сусын ішу, тойда ел-жұртпен бірге Coca Cola тұтыну жазылмаған заң секілді. Бірақ сол әдетті бұзу ерік-жігерімізге байланысты. Өйткені денсаулық өзіміздікі... Ал занның жаңа талабы салауатты өмір салтын қалыптастыруға сеп болады деген сенімдеміз.

Нұршат НЫШАНОВА